

Азаматтық қорғаныс пен төтенше жағдайлар республикалық қызметтерінің тізбесін бекіту және оларды құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 желтоқсандағы N 1237 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 19 қарашадағы № 1210 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2014.11.19 № 1210 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Азаматтық қорғаныс туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 мамырдағы Заңының 17-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес орталық атқарушы органдар құратын Азаматтық қорғаныс пен төтенше жағдайлар республикалық қызметтерінің тізбесі бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдар қосымшаға сәйкес азаматтық қорғаныс пен төтенше жағдайлар республикалық қызметтерін құрсын.

3. Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігі үш ай мерзімде азаматтық қорғаныс пен төтенше жағдайлар республикалық қызметтері туралы ережені бекітсін.

4. Азаматтық қорғаныс пен төтенше жағдайлар республикалық қызметтерін қаржыландыруды осы қаулыға қосымшада көрсетілген орталық атқарушы органдар тиісті қаржы жылына арналған республикалық және жергілікті бюджеттерде көзделген қаражат есебінен және шегінде әрі министрліктер мен агенттіктердің қазіргі штат саны лимитінің есебінен жүзеге асырады деп белгіленсін.

5. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1) (күші жойылды - 2005.11.03. N 1097 қаулысымен)

2) "Республиканың сейсмикалық қауіпті аймақтарында қиратқыш жер сілкіністерінің залалын төмендету жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 26 тамыздағы N 1286 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 40, 374-құжат):

13-тармақтағы "қосымшаға сәйкес" деген сөздер алынып тасталсын.
Ескерту. 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.11.03. N 1097
қаулысымен.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің*

міндетін атқарушы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2003 жылғы 5 желтоқсандағы
N 1237 қаулысына

қосымша

Ескерту. Қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің
2008.11.18 N 1068 Қаулысымен.

**Орталық атқарушы органдар құратын Азаматтық қорғаныс пен
төтенше жағдайлар республикалық қызметтерінің тізбесі**

N Азаматтық қорғаныс пен төтенше жағдайлар республикалық қызметтерінің атауы	Азаматтық қорғаныс пен төтенше жағдайлар республикалық қызметтерінің құрылуын және жұмыс істеуін қамтамасыз етуге жауапты орталық атқарушы органның атауы
--	---

- | | |
|--|--|
| 1. Мемлекеттік өртке қарсы қызмет | Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі |
| 2. Медициналық қызмет | Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі |
| 3. Ақпарат қызметі | Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі |
| 4. Сауда және тамақтандыру қызметі | Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі |
| 5. Инженерлік қызмет | |
| 6. Химиялық қорғану қызметі | |
| 7. Радиациялық қорғану қызметі | Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі |
| 8. Энергетика қызметі | |
| 9. Жанар-жағармай материалдары қызметі | |
| 10. Жануарлар мен өсімдіктерді қорғау | Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі |

- | | |
|--------------------------------------|--|
| 11. Хабарлау және байланыс қызметі | Қазақстан Республикасының Ақпараттандыру және байланыс жөніндегі агенттігі |
| 12. Қоғамдық тәртіпті сақтау қызметі | Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі |
| 13. Көлік қызметі | Қазақстан Республикасының |
| 14. Жолдар мен көпірлер қызметі | Көлік және коммуникациялар |
| 15. Техникалық қызмет | министрлігі |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК